# Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын қосымша әлеуметтік қолдау жөніндегі 2008 - 2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 мамырдағы N 530 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын қосымша әлеуметтік қолдау жөніндегі 2008 - 2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар Жоспарда көзделген шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жылына екі рет 15 қаңтарға және 10 шілдеге Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жарты жылдықтың қорытындылары бойынша жылына екі рет 30 қаңтарға және 25 шілдеге Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Орталық атқарушы органдар 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарларды әзірлеу кезінде Жоспарды іске асыруға бағытталған шаралар кешенін көздесін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 мамырдағы N 530 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын қосымша әлеуметтік қолдау жөніндегі 2008-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

| Р/с N № | Іс-шаралардың атауы | Аяқтау нысаны | Орын-даушы-лар | Орын-дау мерзі-мі | Қаржылық шығындар млн. теңге | Қаржы-ланды-ру көз-дері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 2008 жылғы 1 шілдеден бастап | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | ең төменгі күнкөріс деңгейінің 10 515 теңгеден 12 025 теңгеге дейін ұлғаюына байланысты базалық зейнетақы төлемінің және мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылуына байланысты және жасы бойынша төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін арттыру | "2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасы | ЭБЖМ (жинақтау), Еңбекмині | 2008 жылғы маусым | 2008 жыл - 23 010,0 | Республикалық бюджет |
| 2. | 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру тетігін әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Еңбекмині | 2008 жылғы маусым | Еңбекмині 002 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде | Республикалық бюджет |
| 3. | Негізгі азық-түлік тағамдарына бағаның өсуіне байланысты халықтың әлеуметтік қорғалатын топтарына өтемақы төлемдерін берудің бірыңғай тәртібін енгізу жөніндегі мәселелерді пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Еңбекмині (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2008 жылғы шілде | Талап етілмейді | |
| | | | Еңбекмині (жинақтау), | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4. | Халықтың әлеуметтік қорғалатын топтарын негізгі азық-түлік тағамдарымен қамтамасыз ету мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | "ҰСО" АҚ (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2008 жылғы шілде | Талап етілмейді | |
| 5. | Халықтың әлеуметтік қорғалатын топтарына жалпы пайдаланатын автомобиль көлігінде (таксиден басқа) жол жүру жөнінде жеңілдіктер берудің бірыңғай тәртібі мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Еңбекмині (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2008 жылғы шілде | Талап етілмейді | |
| | | | | | 355 "Республикалық маңызы бар қаланың Жұмыспен қамту | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6. | Мынадай шара-ларды қолдану есебінен жастар арасындағы жұмыссыздарды жұмысқа орна-ластыру жөнін-дегі жұмысты күшейту:<br><br>кәсіптік даяр-лауды және қайта даярлауды ұйымдастыру;<br><br>"Жастар прак-тикасын" ұйым-дастыру;<br><br>әлеуметтік жұмыс орындарын құру;<br><br>бос орындар жәрмеңкелерін ұйымдастыру және өткізу | ЭБЖМ-ге ақпарат | Еңбек-мині (жинақ-тау), (қаржы-лық қамта-масыз ету бө-лігінде облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімде-рімен келісім бойын-ша), БҒМ | Жыл сайын | және әлеумет-тік бағ-дарлама-лар де-партамен-ті (бас-қарма-сы)", 451 "Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеумет-тік бағ-дарлама-лар бөлімі" әкімшіле-рі бойын-ша 003 және 002 бюджеттік бағдарла-малар шеңберін-де тиісті қаржы жылына арналған жергілік-ті бюд-жеттерде көзделген қаражат шегінде | Жергі- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | лікті бюджет |
| 7. | Білім беру ұйымдарын бітірушілерді одан әрі жұмысқа орналастыра отырып, жұмыс берушілермен өндірістік практиканы ұйымдастыруға арналған шарттар жасасу жөніндегі жұмысты жандандыру | ЭБЖМ-ге ақпарат | БҒМ (жинақтау), жұмыс берушілер, Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жартыжылдықтың қорытындылары бойынша | Талап етілмейді | - |
| 8. | Бәсекеге қабілетті еңбек нарығын қалыптастыруда Кадрларды даярлау және қайта даярлау, халықаралық және республикалық тәжірибені зерделеу мен мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті енгізу мәселелері жөнінде форум өткізу | Форум | Еңбекмині (жинақтау), мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2008 жылғы IV тоқсан | Талап етілмейді | - |
| 9. | Көшіп келушілердің мәртебесін нақтылау және "оралмандарды" әлеуметтік қолдауды жетілдіру | Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның | Еңбекмині (жинақтау), ІІМ, Әділетмині | 2008 жылғы IV тоқсан | | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қарауына заң жобасын енгізу | | | Талап етілмейді | |
| 10. | Өңірлік еңбек нарығының еңбек ресурстармен қамтамасыз еті-луін ескере отырып, "орал-мандарды" орна-ластыру аумағы-ның санатын айқындау | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Еңбек-мині (жинақ-тау), АШМ, ЭБЖМ | 2009 жылғы III тоқсан | Талап етілмейді | - |
| 11. | Оралмандарға мемлекеттік кепілдіктер бе-рудің саралан-ған тәсілдер және тұрғын үй сатып алуды қаржыландырудың баламалы нысан-дары бойынша ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Еңбек-мині (жинақ-тау), ЭБЖМ, Әділет-мині, өзге де мүдделі мемле-кеттік орган-дар | 2008 жылғы IV тоқсан | Еңбекмині 027 бюд-жеттік бағдарла-масы шең-берінде тиісті қаржы жылына арналған республи-калық бюджетте көзделген қаражат шегінде | Респуб-ликалық бюджет |
| 12. | "Оралмандарға" жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру | ЭБЖМ-ге ақпарат | ЖРА (жинақ-тау), облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімде-рі, АШМ | Жарты-жылдық-тың қоры-тынды-лары бойынша | Талап етілмейді | - |
| 13. | Көрсетілетін қызметтердің тізбесін кеңей-те отырып, жұмыс істеп тұрған Оралман-дарды бейімдеу және кіріктіру орталықтарын дамыту (Оңтүс- | | Еңбек-мині (жинақ-тау), Оңтүс-тік Қазақс-тан, Қара-ғанды, Маңғыс-тау, | | Еңбекмині 019, 027 бюджеттік бағдарла-малары шеңберін-де тиісті қаржы | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тік Қазақстан және Қарағанды облыстарында) және Маңғыстау, Қостанай, ШҚО, Ақмола облыс-тарында орта-лықтар құру | ЭБЖМ-ге ақпарат | Қоста-най, Шығыс Қазақс-тан және Ақмола облыс-тарының әкімде-рі | 2008-2011 жылдар | жылына арналған республи-калық бюджетте көзделген қаражат шегінде | Респуб-ликалық бюджет |
| 14. | Бекітілген штат саны шегінде Қазақстанның Өзбекстандағы, Түрікменстанда-ғы және Ресей-дегі елшілікте-рінде (консул-дықтарында) көші-қон қызме-тін құру мәсе-лесін пысықтау | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | Еңбек-мині (жинақ-тау), СІМ | 2008 жылғы IV тоқсан | Талап етілмейді | - |
| 15. | Ауыл шаруашылы-ғы құрылымдары-ның (санаттар бойынша - АҚ, ЖШС, ӨК және т.б.) жарғылық капиталдарында шартты жер үлесінің болу-ына талдау жасау және шартты жер үле-сін ауыл шаруа-шылығы құрылым-дарының жарғы-лық капиталына бергені үшін сыйақылар (ди-видендтер) төлеу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | ЖРА (жинақ-тау), облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімде-рі | 2008 жылғы тамыз | Талап етілмейді | - |
| | Мүдделі мемле-кеттік және жергілікті ат-қарушы орган-дармен бірле-сіп, есірткі мен психотропты заттарды жоғары және техника-лық, кәсіптік | | ІІМ (жинақ-тау), ДСМ, БҒМ, облыс-тардың, | Жарты-жылдық-тың | ІІМ 001, БҒМ 104 бюджеттік бағдарла-малары шеңберін-де тиісті қаржы | Респуб-ликалық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 16. | оқу орындарында өткізуді анық-тау және жолын кесу бөлігінде студент жастар арасындағы құ-қық бұзушылық-тың алдын-алу бойынша жедел іс-шаралар өткізу | ЭБЖМ-ге ақпарат | Астана және Алматы қалала-рының әкімде-рі | қоры-тынды-лары бойынша | жылына арналған республи-калық бюджетте көзделген қаражат шегінде | және жергі-лікті бюджет-тер |
| 17. | Студент жастар арасында ақпа-раттық-насихат-тау бағытында іс-шаралар (кездесулер, дәрістер, экскурсиялар, семинарлар, дөңгелек үстел-дер, пікірта-ластар және т.б.) өткізу | ЭБЖМ-ге ақпарат | БҒМ (жинақ-тау), МАМ, ІІМ | Жарты-жылдық-тың қоры-тынды-лары бойынша | БҒМ 040 бюджеттік бағдарла-малары шеңберін-де тиісті қаржы жылына арналған республи-калық бюджетте көзделген қаражат шегінде | Респуб-ликалық бюджет |
| 18. | Мынадай бағыт-тар бойынша БАҚ-та ақпарат-тық-насихаттау жұмысын ұйым-дастыру: студенттік ор-тада құқық бұзушылықтың профилактикасы және алдын алу; мемлекеттің жастардың өмірі үшін қолайлы жағдай жасау жөніндегі қыз-меті туралы; жастар ортасы өкілдерінің азаматтық бі-різділігін нығайту (пат-риоттықты на-сихаттау) жөнінде | ЭБЖМ-ге ақпарат<br><br>Ақпараттық жұмыстардың жоспары | МАМ (жинақ-тау), ІІМ, БҒМ, облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімде-рі | Жарты-жылдық-тың қоры-тынды-лары бойынша | Талап етілмейді | - |
| | Қазақстан Рес-публикасының | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 19. | үкіметтік емес ұйымдарының әлеуметтік маңызы бар жобаларды орындау, жастар саясатының, патриоттық тәрбие берудің, ұлтаралық келісімнің көкейтесті мәселелері жөніндегі лоттар бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі ашық конкурс шеңберінде қарастыру | Әлеуметтік маңызды жобалар конкурсы | МАМ, БҒМ | 2009 жыл бойы | БҒМ 040, МАМ 018 бюджеттік бағдарламалары шеңберінде республикалық бюджетте әлеуметтік тапсырыс көзделген қаражаты шегінде | Республикалық бюджет |
| 20. | Біртұтас жастар саясатын қалыптастыру және 2008 жылғы 14 мамырда "Жас Отан" жастар қанатының 1 съезінде қойылған міндеттерді іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында мүдделі мемлекеттік органдардың, "Жас Отан" және ҮЕҰ өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобын құру | Бұйрық, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | БҒМ (жинақтау), Еңбекмині, ДСМ, МАМ, ІІМ, "Атамекен" Одағы" ЗТБ, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (келісім бойынша) | 2008 жылғы шілде | Талап етілмейді | - |
| 21. | Халықаралық тәжірибені ескере отырып, жоғары және техникалық әрі кәсіптік білім беретін оқу орындарын, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс шеңберінде бітірушілерді | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | БҒМ (жинақтау), ЭБЖМ, Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалала- | 2008 жылғы қазан | | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жұмысқа орналастыру тетігін әзірлеу | | рының әкімдері | | Талап етілмейді | |
| 22. | Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге мемлекеттік стипендияның мөлшерін 6434 теңгеден 7500 теңгеге дейін және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқитын студенттерге 5147 теңгеден 6000 теңгеге дейін (жоғары оқу орындарының студенттері стипендиясының 80 %) ұлғайту.<br>Одан кейінгі жылдары стипендияны кезең-кезеңімен арттыруды жалғастыру | Заң жобасы<br><br>Заң жобасы | БҒМ (жинақтау), ДСМ, ТСМ<br><br>Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2008 жылғы маусым<br><br>2008-2010 жылдар тамыз | 2008 жыл - 457,5<br><br>2008 жыл - 225,2<br><br>БҒМ 059, 017, 020, 077; ДСМ 003, 043, 063; СТМ 010 бюджеттік бағдарламалары бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық | Республикалық бюджет<br><br>Жергілікті бюджет<br><br>Респуб- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бюджетте көзделген қаражат шегінде | ликалық бюджет |
| 23. | 1. "Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы N 501 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу<br>2. Жоғары, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында қамқоршы кеңестер құру | ЭБЖМ-ге ақпарат<br>ЭБЖМ-ге ақпарат | БҒМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, оқу орындарының басшылары | Жартыжылдықтың қорытындылары бойынша<br>Жыл сайын | Талап етілмейді<br>Талап етілмейді | -<br>- |
| 24. | Мемлекеттік жоғары оку орындарының балансындағы ғимараттарға күрделі жөндеу жүргізу | ЭБЖМ-ге ақпарат | БҒМ (жинақтау), АШМ, ДСМ, ІІМ, оқу орындарының басшылары | Жыл сайын | 2008 жыл - 1 256,6<br>2009-2011 жылдары - БҒМ 020, ДСМ 003, ІІМ 012 бюджеттік бағдарламалары шеңберінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде | Республикалық бюджет |
| | | | | | БҒМ 011, ДСМ 026 бюджеттік бағдарла- | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 25. | Мемлекеттік жоғары оқу орындарының жатақханаларын салу және қайта жаңарту | ЭБЖМ-ге ақпарат | БҒМ (жинақтау), ДСМ | 2009-2011 жылдар | маларының шеңберінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде | Республикалық бюджет |
| 26. | Жоғары, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқытындардың қатысуымен жатақханалардағы орындарды бөлу жөнінде комиссия құру<br><br>Оқу орындарының жатақханаларынан бөтен адамдарды шығару жөнінде шаралар қолдану | Бұйрықтар<br><br>ЭБЖМ-ге ақпарат | БҒМ (жинақтау), АШМ, ДСМ, ТСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2008 жылғы қыркүйек<br><br>Жыл сайын | Талап етілмейді<br><br>Талап етілмейді | -<br><br>- |
| 27. | 1. Жоғары оқу орындарында Студенттер альянсымен бірге "Сессия операциясы" акциясын өткізу және "жедел Интернет желісі" жүйесін құру<br><br>2. БҒМ сайтына және БАҚ-қа білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлық фактілері (бопсалау, пара, сатып алу және т.б.) туралы ақпарат орналастыру | ЭБЖМ-ге ақпарат<br><br>Қорытындыларды БАҚ-та жариялау | БҒМ (жинақтау), ДСМ, АШМ, ІІМ және өзге де мүдделі мемлекеттік органдар келісім бойынша | Жыл сайын<br><br>Тұрақты | Талап етілмейді<br><br>Талап етілмейді | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Білім беру ұйымдарының қызметін бағалау өлшемдері жүйесіне олардың сыбайлас жемқорлық көрсеткішін енгізу | Бұйрық | | 2008 жылғы шілде | Талап етілмейді | -<br>- |
| 28. | Жоғары оқу орнына түсуге ниет білдірген ауыл жастары мен мерзімді әскери қызмет қатарынан босатылған адамдар үшін даярлық курстарын ашу жөніндегі мәселені пысықтау | ЭБЖМ-ге ақпарат | БҒМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2008 жылғы қазан | Талап етілмейді | - |
| 29. | Ұзақтығы 1 айдан 6 айға дейінгі қайта оқыту курстарын ұйымдастыру жөнінде оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту | ЭБЖМ-ге ақпарат, бұйрық, оқу жоспарлары және бағдарламалары | БҒМ жұмыс берушілердің қатысуымен, Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2008 жылғы қазан | Талап етілмейді | - |
| 30. | "Ұлт денсаулығы. Жастар салауатты өмір салтын таңдайды" республикалық акциясын ұйымдастыру жөнінде Республикалық бюджет комиссиясының қарауына ұсыныстар енгізу | ЭБЖМ-ге ақпарат | БҒМ (жинақтау), ДСМ | 2008 жылғы тамыз | Талап етілмейді | - |
| | "Қазақстан патриоттары" фестивалін ұйымдастыру жө- | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 31. | нінде Республикалық бюджет комиссиясының қарауына ұсыныстар енгізу | ЭБЖМ-ге ақпарат | БҒМ | 2008 жылғы тамыз | Талап етілмейді | - |
| 32. | Діни экстремизмнің алдын алу саласында мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылы мәселелері жөнінде өңірлік семинар-кеңес өткізу (Қарағанды) | ЭБЖМ-ге ақпарат, облыстық әділет департаменттеріне ұсынымдар | Әділетмині | 2008 жылғы желтоқсан | Әділетмині 001 бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде | Республикалық бюджет |
| 33. | Конфессияаралық келісім және Қазақстан өңірлерінде олардың қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша ақпараттық-насихаттау топтарын құру | ЭБЖМ-ге ақпарат | Әділетмині | 2008 жылы шілде | Әділетмині 001 бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде | Республикалық бюджет |

**Ескертпе:** аббревиатуралардың толық жазылуы:

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және

бюджеттік жоспарлау министрлігі
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
"ҰСО" АҚ - "Ұлттық сараптама орталығы" акционерлік қоғамы
ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
"Атамекен" Одағы" ЗТБ - "Атамекен" Одағы" Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы" заңды тұлғалар бірлестігі
ҮЕҰ - үкіметтік емес ұйымдар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК